

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында дауыс беру
қорытындылары туралы
ХАТТАМА**

Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй мекенжайында орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – «АЖЖЖ») 2019 жылғы 27 мамырда, 10 сағат 00 минутта Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй мекенжайындағы 3-қабат, акт залында өтті.

Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері:
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының Басқармасы, Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй.

Қоғамның жиналысына қатысқандар:

1 034 088 144 жай акцияның иесі «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-тан – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндіруші активтерін басқару департаменті директорының орынбасары Дамир Данильбекұлы Теберіков (2019 жылғы 8 ақпандағы №123-53 сенімхат бойынша).

Жиыны: Жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, 2019 жылғы 26 мамырдағы жағдай бойынша акцияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесі деректерінің негізінде жиынтықта Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан 99,98%тің құрайтын Қоғамның 1 034 088 144 жай акциясына иелік ететін акционердің 1 өкілі тіркелген.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңының (бұдан әрі – "Акционерлік қоғамдар туралы" Заң) 45-бабы 1-тармағының негізінде Жиналыс өткізу үшін кворум бар, осыған байланысты Жиналыс Жиналыстың күн тәртібі мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы деп танылады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының отырысында дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша Қоғамның есеп комиссиясы дауыс берудің келесі қорытындыларын шығарды:

1. Жиналыстың есеп комиссиясы туралы.

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 034 088 144 дауыс;

«Қарсымын» - дауыс жоқ;

«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Шешім қабылданды: Жадыра Тынышқалиқызы Нұрғалиева Жиналысты өткізу уақытына есеп комиссиясының мүшесі болып сайлансын.

2. Жиналыстың төрағасын сайлау туралы.

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 034 088 144 дауыс;



«Қарсымын» - дауыс жоқ;
«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасының орынбасары - қаржы директоры Дәурен Сапаралыұлы Қарабаев Қоғам Жиналысының төрағасы болып сайлансын.

3. Жиналыстың хатшысын сайлау туралы.

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 дауыс;
«Қарсымын» - дауыс жоқ;
«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: корпоративтік хатшы Айгерім Болатқызы Сүлейменова Жиналыстың хатшысы болып сайлансын.

3. Жиналыста дауыс беру тәртібі мен нысанын белгілеу туралы:

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 дауыс;
«Қарсымын» - дауыс жоқ;
«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабы 1-тармағына сәйкес дауыс беру тәртібі; Жиналыста күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру нысаны – ашық тәсіл болып белгіленсін.

5. Жиналыс жұмысының регламентін белгілеу туралы:

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 дауыс;
«Қарсымын» - дауыс жоқ;
«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Жиналыс жұмысының төмендегі регламенті бекітілсін – күн тәртібінің мәселелері бойынша баяндамашыларға – он минут, жарыссөздерге қатысушыларға – бес минут, есеп комиссиясына дауыстар санын есептеуге – жеті минут берілсін.

6. Күн тәртібін бекіту туралы:

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 034 088 144 дауыс;
«Қарсымын» - дауыс жоқ;
«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Жиналыстың келесі күн тәртібі бекітілсін:

1) 2018 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін бекіту;



2) Есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясын есептегенде, дивидендтің мөлшерін бекіту;

3) Қоғамның жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы есепті бекіту;

4) 2018 жылы акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;

5) 2018 жылы Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасы мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат;

6) Қоғамның директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу;

7) Қоғамның директорлар кеңесі өкілеттіліктерінің мерзімін белгілеу;

8) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау;

9) Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу.

7. Жиналыстың күн тәртібінің «2018 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін бекіту» туралы мәселесі бойынша:

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 034 088 144 дауыс;

«Қарсымын» - дауыс жоқ;

«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: 2018 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігі бекітілсін.

8. Жиналыстың күн тәртібінің «Есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясын есептегенде, дивидендтің мөлшерін бекіту» туралы мәселесі бойынша:

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 034 088 144 дауыс;

«Қарсымын» - дауыс жоқ;

«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды:

1. 2018 жылдың қорытындылары бойынша алынған 299 918 (екі жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз он сегіз) млн. теңге мөлшеріндегі Қоғамның таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі бекітілсін:

– 2018 жылғы бір жай және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерінің дивидендтер алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күніндегі айналымдағы осындай акциялар санына көбейтіндісіне тең соманы Қоғам акционерлерінің дивидендтерін төлеуге жіберу;

- Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері 0 (ноль) теңге сомасында (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптен төленетін салық сомасы) белгіленсін;



- Қоғамның бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері 25 (жиырма бес) теңге сомасында (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленетін салық сомасы) белгіленсін;

- дивидендтерді алу құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күні мен уақыты – 2019 жылғы 7 маусым, 00 сағат 00 минут;

- дивидендтерді төлеу басталатын күн – 2019 жылғы 9 шілде;

- дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны – акционерлердің банк шоттарына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы дивидендтерді алу құқығы бар акционерлердің тізімі бойынша.

2. Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы) Қ.О.Есқазиев белгіленген тәртіппен осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

9. Жиналыстың күн тәртібінің «Қоғамның жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы есепті бекіту» туралы мәселесі бойынша:

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 034 088 144 дауыс;

«Қарсымын» - дауыс жоқ;

«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Қоғамның жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы есеп бекітілсін.

10. Жиналыстың күн тәртібінің «2018 жылы акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат» туралы мәселесі бойынша:

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 034 088 144 дауыс;

«Қарсымын» - дауыс жоқ;

«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

11. Жиналыстың күн тәртібінің «2018 жылы Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасы мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат» туралы мәселесі бойынша:

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 034 088 144 дауыс;

«Қарсымын» - дауыс жоқ;

«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

12. Жиналыстың күн тәртібінің «Қоғамның директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу» туралы мәселесі бойынша:

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 034 088 144 дауыс;



«Қарсымын» - дауыс жоқ;
«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Директорлар кеңесінің сандық құрамы белгіленсін – 4 (төрт) адам.

13. Жиналыстың күн тәртібінің «Қоғамның директорлар кеңесі өкілеттіліктерінің мерзімін белгілеу» туралы мәселесі бойынша:

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 034 088 144 дауыс;
«Қарсымын» - дауыс жоқ;
«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Қоғамның директорлар кеңесі өкілеттіліктерінің мерзімі – 1 (бір) жыл болып белгіленсін (2019 жылғы 27 мамырдан бастап 2020 жылғы 27 мамырды қоса алғандағы мерзімді есептегенде).

14. Жиналыстың күн тәртібінің «Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау» туралы мәселесі бойынша:

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 034 088 144 дауыс;
«Қарсымын» - дауыс жоқ;
«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Қоғамның Директорлар кеңесінің келесі құрамы сайлансын:

- 1 Қарабаев - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;
Дәурен Сапаралыұлы
- 2 Есқазиев - Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы);
Құрманғазы Орынғазыұлы
- 3 Қуандықов Балтабек - тәуелсіз директор ретінде;
Мұханұлы
- 4 Ертілесова - тәуелсіз директор ретінде;
Жаннат Жұрғалиқызы

15. Жиналыстың күн тәртібінің «Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу» туралы мәселесі бойынша:

Дауыс бергендер:

«Қолдаймын» - 1 034 088 144 дауыс;
«Қарсымын» - дауыс жоқ;
«Қалыс қалдым» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды:



1. Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға олар Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған күннен бастап сыйақы төлеудің мынадай мөлшерлері мен шарттары белгіленсін:

Қоғамның әрбір тәуелсіз директорына 1 000 000 теңге мөлшеріндегі (жеке табыс салығын және міндетті зейнетақы жарналарын есепке алмағанда) ай сайынғы сыйақы.

2. Қоғам директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін шығыстарын өтеудің келесі мөлшері мен шарттары белгіленсін:

1) тәуелсіз директорлар үшін – олармен жасалған шарттардың қоса берілген жобаларына сәйкес;

2) директорлар кеңесінің басқа мүшелері үшін – директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметіне байланысты келесі шығындар:

- тұрғын жайды жалға алу бойынша – нақты шығындар бойынша;
- отырыстың/кездесулердің орнына бару және тұрақты жұмыс орнына/тұрақты тұрғылықты жеріне қайтып келу – бизнес-класс тарифі бойынша;
- мейманханадан/мейманханаға әуежайға/вокзалға трансфер – нақты шығындар бойынша;
- халықаралық (ұялы) байланысты, факсимильдік байланысты, бейнеконференцияны, конференц-байланысты пайдалану – нақты шығындар бойынша.

Өтемақы Қоғамға келтірілген шығындар туралы растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырылады.

3. Қоғам директорлар кеңесінің төрағасына жоғарыда айтылған шарттарда Қоғамның тәуелсіз директорларымен жасалатын шарттарға Қоғамның атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

Есеп комиссиясының мүшелері:

_____ **Ж. Нұрғалиева**

_____ **В. Залевская**

_____ **А. Шалабаева**

